

**Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын және оны толтыру қағидаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі № 416 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 6 қыркүйекте № 14209 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 23 қаңтардағы № 56 бұйрығымен.

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрінің 23.01.2020 № 56 (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Бұйрық 01.01.2021 ж. бастап қолданысқа енгізіледі**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 606-4-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына және 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстар туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицина жұмсаған жеке тұлғаның шығыстар туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын толтыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануға жолдануын;



**Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстар туралы мәліметтерді мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын толтыру қағидалары**  
**1-тарау. Жалпы ереже**

1. Осы Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын толтыру қағидалары (бұдан әрі - Қағида) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 606-4-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына және 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын толтыру тәртібін айқындайды (бұдан әрі - Мәлімет).

2. Мәліметтерді денсаулық сақтау субъектілері:

1) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрғандар - веб-қосымша арқылы немесе хабарламаға кепілдікті жеткізуді қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық желі бойынша жіберу арқылы электрондық тәсілмен және электрондық цифрлық қолтаңбамен расталады;

2) электрондық салық төлеуші ретінде тіркеу есебінде тұрмағандар - хабарламасы бар тапсырыс хатпен почта арқылы ұсынады.

3. Денсаулық сақтау субъектілері Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарын алған күннен бастап, отыз жұмыс күні ішінде береді.

**2-тарау. Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстар туралы мәліметтерді растау туралы мемлекеттік кірістер органдарының талаптарының нысанын толтыру**

4. "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жеке тұлғалардың кірістер мен мүлкін декларациялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 156-9

бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес нысанда Қазақстан Республикасының аумағында жасалған медицинаға жұмсаған жеке тұлғаның шығыстары туралы мәліметтерді растайтын мәліметтер көрсетіледі.

5. Мәлімет әрбір қарыз бөлігінде бөлек беріледі.

6. Мәлімет өзіне мынадай деректерді қамтиды:

1) 1-бағанда - жолдың рет нөмірі;

2) 2-бағанда - жеке тұлғаның жеке сәйкестердіру нөмірі;

3) 3-бағанда - жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе);

4) 4-бағанда - көрсетілген медициналық қызметтің атауы;

5) 5-бағанда - көрсетілген медициналық қызметтің сомасы;

6) 6-бағанда - көрсетілген медициналық қызметті растайтын құжаттың атауы;

7) 7- бағанда - көрсетілген медициналық қызметті растайтын құжаттың күні;

8) 8-бағанда - көрсетілген медициналық қызметті растайтын құжаттың нөмірі.